

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области
лингвистики и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/QIKG9156>**М. И. Оразханова¹, Қ. С. Ереалиев², С. Ж. Ереалиева³**^{1,2}Павлодар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ;

³Торайгыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

КИИМ-КЕШЕККЕ ҚАТЫСТЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ АУДАРЫЛУЫ

Қандай да бір халықтың тұрмыс-тіршілігін, айналысқан кәсібі мен шаруашылығын, тарихи және мәдени өмірін, айналаға деген көзқарасын, жалпы дүниетанымын бойына жинақтаған лексикалық бірліктердің бірі – этнографизмдер екені белгілі. Олар ұлттық нақышты білдірумен қатар, сол елдің өзіндік ерекшеліктерін де көрсетеді. Қазақ тіл білімінде этнографиялық атаулар барыныша қарастырылғанымен, белгілі бір қаламгер шығармасында ұшырасатын аталған тілдік бірліктің аударылу мәселесі арнайы зерделенген жоқ. Бұл жұмыстың өзектілігін аңғартады, көкейкестілігін дәлелдейді.

Мақаланың зерттеу нысаны ретінде Ф. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романында кездесетін этнографизмдер, ал зерттеу пәні болып киім-кешекке қатысты атаулардың аударылу мәселесі алынды. Мақсаты шығармадағы киімге байланысты этноатауларды жинақтап, олардың тәржімалану тәсілдерін айқындау болып табылады. Жұмысты жазу барысында салыстыру және салғастыру әдістері, сипаттау әдісі, лингвомәдени талдау әдісінің элементтері мен тілдік деректердің сандық сұрыптау әдісі пайдаланылды. Олар мынадай қорытынды шығаруға негіз болды: жазушы туындысында бас киімге қатысты этнографизмдер молынан кездеседі; олар В. С. Виноградов көрсетуіндегі аударма тәсілдерінің – транскрипция (транслитерация), гипо-гиперонимиялық аударма, үйлесім, перифразалық (сипаттамалы, дескриптивтік, экспликативтік) аударма, калькалау – барлығымен бірдей тәржімаланған; нақтылап айтқанда, басым көпшілігі транскрипция (транслитерация), гипо-гиперонимиялық және калькалау сынды аударма жолдарымен жүзеге асқан. Дескриптивтік және үйлесім тәсілдері сирек қолданылған.

Кілтті сөздер: аударма, этнографизм, транскрипция, транслитерация, гипо-гиперонимия, үйлесім, перифраза, калька.

Кіріспе

Тілдің мазмұндық және қызметтік жақтарына деген жалпы қызығушылықты білдіретін лингвистика дамуының қазіргі кезеңі зерттеу орталығына тілдің ішкі және сыртқы байланыстарын ғана емес, оның адамға қатысты әлемін де зерделеуді ұсынды. Осыған орай қазіргі заманғы лингвистикалық теориялардың интегративтілік, «семантикалық», антропоорталықтық сияқты сипатты белгілері қалыптасуда. Олар «пәнге көзқарастың өзгеруі, зерттеу пәнін түсінудің өзгеруі» нәтижесі болып табылады [1, 88–89 б.]. Аталған зерттеу де антропоорталықтық сипатта қарастырылды. Яғни мұнда лексикалық бірліктердің аударылуы лингвомәдени ерекшелікті қаншалықты сақтағандығын айқындаудан көрінеді. Бұл жұмыстың өзектілігін аңғартады.

Зерттеудің нысаны: F. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романындағы этнографизмдер.

Зерттеудің пәні: киім-кешекке қатысты этнографизмдердің аударылуы.

Мақсаты: F. Мүсіреповтің «Оянған өлке» шығармасында ұшырасатын киім-кешекке қатысты этнографиялық атауларды жинақтап, олардың тәржімалану тәсілдерін анықтау, лингвомәдени ерекшелікті сақтағандығын айқындау. Осы мақсатқа жету барысында мынадай міндеттері шешу көзделді:

- жалпы қазақ халқының киім үлгілерін сипаттап, оларды пайдалану ерекшелігіне, қызметіне және мән-маңызына қарай топтастыру;
- бас киім атауларының тәржімалану барысында қандай жолмен жүзеге асқандығын айқындау;
- аударылған тілдік бірліктердің ұлттық нақышты сақтаған-сақтамағандығына көз жеткізу.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі. Этнографизмдерді қарастыру барысында салыстыру және салғастыру әдістері, сипаттау әдісі, лингвомәдени талдау әдісінің элементтері мен тілдік деректердің сандық сұрыптау әдісі қолданылды. Аталған әдістер қаламгер туындысындағы киім-кешекке қатысты этнографиялық атаулардың В. С. Виноградов көрсетуіндегі аударма жолдарының қайсысымен жүзеге асқандығы анықталды; аударма кезінде ұлттық колориттің сақталған-сақталмағандығын айқындауға септігін тигізді.

Қазақ халқының этнографизмдерін көрсететін бірлікке киім-кешек атаулары жатады. Кең байтақ даламыздың табиғатына, ауа райына, тұрмыс-тіршілігіне, кәсібі мен айналысқан шаруашылығына байланысты киім түрлері де әртүрлі болып келеді. Оның тұтыну, пайдалану ерекшеліктеріне, мән-маңызына қарай *әдет-ғұрыптық киім*, жыл мезгіліне орай *жазғы және қысқы киім*, *сыртқы және ішкі киім*, *жас және жыныстық айырымдарына*, *ерекшеліктеріне қарай сәби, бала, бозбала, бойжеткен, қалыңдық киімі, күйеу, жас жігіт, ақсақал*, *яғни ер адам киімі және келіншек, бәйбіше, яғни әйел адам киімдері* деп жіктеледі. Сонымен қатар әлеуметтік дәрежесіне, қызметіне қарай ұлттық

киімдер *жоғары текті қазақтар киімі, неке киімдері, сал-серілер киімі, сән-салтанат киімдері, ұлттық ойын-сауық, жарыстарда киетін киімдер, діндарлар киімі, жерлеу рәсіміне байланысты өлікке кигізілетін киім, аза тұтушылардың қаралы киімдері, сулық және кәсіптік киімдер, малышылар киімі, аңшылар киімі, батырлар киімі және т.б.* болып бөліне береді. Қай-қайсысы болмасын өзінің тігісі, түрі, түсі, көшпелі халыққа тән ыңғайлы әрі қолайлы етіп пішілуі, пайдаланылған материалы т.т. жағынан басқа ұлттан, елден ерекшелігін, айырмашылығын көрсетеді. Оларға қарап ұлттық дүниетанымды, халықтың айналаға деген көзқарасын көріп, тарихын елестетуге болады. Киім киюден адамның болмысын, ішкі жан-дүниесін, танымын да байқауға, қандай мақсатқа, қандай жағдайға байланысты кигендігін аңғаруға болады. Аталған киім атаулары қаламгер Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» романында да ұшырасады. Олардың қандай тәсілмен аударылғандығын анықтау үшін В.С.Виноградовтың «Аударматануға кіріспе (жалпы және лексикалық мәселелері)» зерттемесін негізге алдық. Онда аударудың бес жолы көрсетілген: транскрипция (транслитерация), гипо-гиперонимиялық аударма, үйлесім, перифразалық (сипаттамалы, дескриптивтік, экспликативтік) аударма, калькалау [2].

Туындыда кездесетін киімдердің бірі – бас киім атаулары. Қазақ халқының ұлттық колоритін, басқа елден ажырататын, нақышын көрсететін бас киімдер қатарына *тымақ, бөрік, тақия, сәукеле, кимешек, жсаулық* т.б. жатқызамыз. Осылардың ішінде қай жағынан алса да тымақтың алатын орны айрықша.

Тымақ – ерлердің қысқы бас киімі. Ол аңның, малдың терісінен тігіледі. Сол себепті ол жасалуына қарай *түлкі тымақ, елтірі тымақ, сеңсең тымақ, нұшпақ тымақ* деп атала береді. Сонымен қатар ерте кезде халықта қай жүздің, қай тайпаның, қай рудың адамы екенін осы тымағына қарап та таныған. Яғни Арғын тымағы, Керей тымағы, Дулат тымағы, Жалайыр мен Найман тымағы немесе Жетісу тымағы, Қарқаралы тымағы деген үлгілері болған.

Тымақ биік төбелі, маңдайы, салбыраған екі құлағы бар, желке, жотаны жабатын, артқы етекпен тұратын жылы бас киім болып есептеледі. Тұрмыстық қолданысына байланысты ол сыртын берік және жақсы, қымбат маталармен қапалады. Екі құлағына ызбалы бау тағылады. Етегін төбеге қайырып қою мақсатында тымақтың артқы жағына тобылғыдан немесе арша сияқты берік ағаштан тиек жасап қадалады.

Қазақ халқында тымақ қасиетті бас киім болып есептеледі. Оны біреуге беруге немесе айырбастауға, киюге тыйым салынған, жерге тастамаған, аяқпен басуға, тіпті оған аяқ тигізуге болмаған. Елге, жұртқа сыйлы, текті кісілердің, танымал адамдардың, тұлғалардың тымағы атадан балаға мұра ретінде қалып отырған. Ертеде кейде медицина құралы ретінде де пайдаланылған, яғни қазақтар шала туған баланы неше күні кем болса, сонша

күн тымаққа салып кереге басына іліп қойған. Бұл да тымақтың қадірі мен қасиетін бейнелейтін көріністердің бірі болып табылады.

Аң терісінен жасалып, суықта киюге арналған аталған бас киім [3, 364 б.] жазушы туындысында да ұшырасады. Мысалы: *Лезде үйме-жүйме топтың арасынан бір адам сытылып шығып, биік ақ күртіктің үстімен қырға қарай қаша жөнелді. Басындағы тымағы айналып алқымына келіпті* [4, 228 б.].

Вдруг из клубка дерущихся вырвался маленький человек и юрко побежал по сугробом – прямо в степь. Тымак на его голове сбился под подбородок – так он торопился, летел изо всех сил [5, 234 б.].

Бұл жүрістің түбі бір жанжалға соғарын сезінген қу тақымдар шыбындап келіп, Игілік тобына өздері қосылып, елден-елге шығарып салып қайтысты. Бірақ **салтақ тымақтың** құлағын қалай түрсе де, сыр ала алмай, шерменде болып қалысты [4, 7 б.].

«Хитрые ноги», заподозрив нечистое, слетались к Игилику, как мухи на сладкое: что-то здесь кроется, неспроста приехал сюда знатный бий. Но как ни задирали хитрецы уши своих засаленных тымаков, вывести ничего не удалось. С тем же и ушли, с чем прибыли [5, 15 б.].

Байқағанымыздай, аталған мысалдарда аудармашы мәтінді тәржімалау кезінде транскрипция (транслитерация) жолын ұстанған. Бұл оны түпнұсқадан ауытқымай, ұлттық ерекшелікті сақтай отыра беруді көздегендігін көрсетеді. Екінші деректегі түпнұсқада «салтақ тымақ» деп «тымақ» сөзінің алдына анықтауыш қосақтала қолданылған. Орыс тілінде «тымақ» этнографизмі траскрипцияланып (транслитерацияланып), ал «салтақ» сөзі калькалау жолымен тәржімалана ұсынылған. Нақтылай айтсақ, «салтақ» аудармада «засаленный» деп берілген. Оның синонимдері ретінде «испачканный», «нечистый», «просаленный», «промасленный», «перепачканный», «загрязненный», «грязный», «замасленный», «несвежий», «нечищенный», «запачканный», «насаленный», «залосенный», «киссаленный», «выпачканный», «измызганный», «сальный» сынды сөздерді жатқызуға болады.

Келесі бір мысалда тәржімашы «тымақ» этнографизмін аударуда гипогиперонимиялық аударма жолын ұстанған. Мысалы: *«Әшейін салт болса осынша қатарласпай, бірінің ізімен бірі жүрер еді, екі аттың қатарын жазбайтыны теңдеп алған бірдемесі бар-ау», – деп ойлады Байжан. Екі салт атты тымақтарын былғай бастады. Әлдене деген айғайлары да естіле бастады* [4, 131 б.].

Байжан насторожился. Такой глубокий снег, а всадники идут почему-то не след в след, а рядом. Это не зря. Вот они замахали шапками, что-то закричали [5, 137 б.].

Аңғарғанымыздай, «тымақ» этнографизмі аудармада «шапка» деп қолданылған. С. И. Ожеговтің «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде» оған

мынадай түсініктеме берілген: «Шапка, –и, ж. I. Головной убор (преимущественно теплый, мягкий). меховая, вязаная ш. Ш. –ушанка. В шапке или без шапки (также вообще с покрытой или непокрытой головой). Шапку снять (также перен., перед кем-чем-н.: выразить свое уважение, преклонение перед кем-чем-н.; высок.). На воре ш. горит (посл. о провинившемся, к-рый невольно выдает сам себя). Шапками закидаем (ошапкозакидательстве; неодобр.). По Сеньке и ш. (погов. о том, кто незаслуживает лучшего)» [6]. Анықтамадан көргеніміздей, «шапка» сөзі қазақ тіліндегі «малақай», «құлақшын» реалиймен мағыналас, үндес келеді және бұлай тәржімалау «тымақ» этнографиялық атауын бастапқы мағынасынан алшақтатып, басқа мәнде қолданылғанын білдіреді. Аудармашының «шапка» деп беруі реципиенттің таным-түсінігін ескеруінен деп тұжырымдаймыз.

Туындыда ұшырасатын келесі этнографизмдердің бірі, ұлтымыздың өзіне тән ерекшелігін көрсететін бас киімі – бөрік. Бөрікті жыныстық ерекшелікке қарамай ерлер де, қыздар да киеді. Оның сырты пүліш, мақпал, барқыт сынды қымбат маталардан тігіліп, жиегіне қымбат бағалы аң және мал терілері қапталады. Көмкерілген тері түрлеріне орай *құндыз бөрік, кәмшат бөрік, түлкі бөрік, жанат бөрік, күзен бөрік* деп тарқатыла береді.

Бөрік пішілген құрылысына қарай үш, төрт немесе алты қиықтан құралады да, оны үш сай, төрт сай, алты сай деп атайды. Және оның жасалуына байланысты жазғы, қысқы түрлері де болады.

Ер адам мен әйелдерге арналған бөрік әртүрлі етіп пішіле отыра тігіледі. Қыздар киетін бөрік дөңгелек төбелі немесе конус тәрізді биіктеу болып келеді. Сәндік мақсатында төбесіне үкі, жиегіне моншақ, шашақ, түрлі асыл тастар, түйме, оқа, зер, күміс тағылады. Ал ерлер бөрікінде моншақ, асыл тастар, күміс тағылмайды. Он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» оған мынадай түсініктеме берілген: «Бөрік – елтіріден, аң терісінен істеліп, матамен тысталған құлақсыз бас киім» [7, 427 б.]. Қаламгер шығармасында да «бөрік» этноатауы кездеседі. *Мысалы: Бұл басқа қазақтың төрінде тұратын, күмістеткен ер-тұрмандары мен кәмшат бөрік, түлкі тымақтарын араластыра ілетін мақтаншытары* [4, 16 б.].

Обычно адалбаканы стояли на почетном месте. На них навьючивали все, чем мог гордиться хозяин: посеребренные седла, ценную сбрую, бобровые шапки, лисьи малахай [5, 23 б.].

Байқағанымыздай, «бөрік» те, «тымақ» та қандай аң терісінен жасалғанын көрсетеді. Нақтыласақ, «кәмшат бөрік – кәмшат терісінен істелген әйелдердің бас киімі» [7, 427 б.]. Алайда аудармашы орыс тіліне тәржімалағанда «бөрікті» «шапка», «тымақты» «малахай» деп гипо-гиперонимиялық аударма жолын қолдана отыра берген. «Малахай» С. И. Ожеговтің сөздігінде: «Малахай, -я, м. I. Род старинного крестьянского

головного убора – большая шапка на меху с наушниками. 2. Род старинной крестьянской одежды – широкий кафтан без пояса», – деп түсіндірілген [6]. Демек, «шапка» да, «малахай» да қазақ халқының ұлттық ерекшелігін көрсетпейді, яғни этнографизмдер өз мағынасынан мүлдем алшақтап кеткен. Олай беру себебін біз аудармашының реципиенттің дүниетанымын ескере қолданған деп топшылаймыз. Ал келесі мысалда автор тіпті «бөрікті» «тымак» деп берген: *Бұлар қара үңгірдің түбіне таянып келгенде, Бұланбай көмірдің табанына қойған сыналарын алып тастап, кертін құлатып жатыр еді. Екі жеңін түрінген. Бөріктің үстінен екі қабат сірімен бастырып алыпты. Қатып қалған шикі тері байлап алғандары да бар [4, 239 б.]*.

Они подошли к забою – пещере. Буланбай как раз в это время выдернул колья и обрушил угольную стенку. Рукава у него были засучены. Поверх тымака напялена наподобие каски сложенная вдвое кожа – настоящий шахтер [5, 245 б.].

Аталған этнографизмдерді бірінің орнына бірін мүлде қолдануға болмайтынын білеміз. Олар формасы, тігілу, пайдалану т.б. жағынан екі түрлі бас киім екені белгілі. «Бөрік» реалийін аударуда транскрипция (транслитерация) жолын пайдаланып, «борик» деп берген орынды еді. Алайда романда ол олай қолданыс таппаған.

Осы сынды аударуды «тақия» сөзінің тәржімалануынан да көруге болады. Келтірілетін мысалда «тақия» этнографизмі де «шапка» деп аударылған: *– Ие, жай келген жоқсың ғой. Апаңның дені сау ма? Ұялатын боп, бой жетіп қалыпсың ғой өзің!.. – деген Айғаншаның ақырын сыбыры еміс-еміс қана естіледі де, Назыкештің бірдеме дегені күрең тақияға тағылған бір шоқ үкінің дірілінен ғана байқалады. [4, 27 б.]*

– Что же молчишь, не просто же так зашла? Здорова ли апа? Смотри, какая большая стала, – мужчин стесняешься!.. – тихо шептала Айғанша. Что отвечает Назыкеш, совсем не слышно. Только подрагивающий пучок перьев филина на коричневой шапочке выдает: она все-таки что-то говорит [5, 34–35 б.].

Негізінде, тақия – кестелеп, сырып жасалған дөңгелек, жеңіл бас киім [8, 549 б.]. «Тақия» әйел адамнан гөрі ер адамға арналған бас киім болып есептеледі. Себебі әйел адамдардың барлығы бірдей «тақия» кимеген. Үкілі тақияны тұрмысқа шықпаған, «оң жақта отырған» бойжеткендер ғана киген. Қазақ халқы аталған бас киімге қарап оның жас ерекшелігін, отбасындағы орнын анықтаған. Ал ер адамдар «тақияны» жазғы кезде де, қыста да құлақшын, малақай, тіпті тымақтың ішінен киген. Ер адамдардың тақиялары қарапайым болып келеді, еш артық зат тағылмайды. Шығармада «тақия» сөзі де гипо-гиперонимиялық аударма жолымен берілген.

Әйел адамдардың бас киіміне тақиядан басқа сәукеле, орамал, жаулық,

кимешек т.б. жатады. Олар да жас ерекшелікке, отбасындағы алатын орынға қарай киіледі, тағылады, тартылады. Сондықтан болса керек, халықта жаңа түскен келінге немесе жасөспірім қызға қатысты «ақ жаулықты қыз», «ақ жаулықты келіншек» т.т. сынды тіркесті сөздер қолданылмайды. «Ақ жаулықты» сынды тіркес көпті көрген, ыстық-суықты басынан өткізген, жан-жағын танитын, елге, ауылға сыйлы, қыз-келіншектерге үлгі болатын ардақты әжеге тән. Ақ жаулықты әжелер ұлттың ұлағат тұтар ардақтылары болып табылады.

Туындыда ұшырасатын әйел адамдардың бас киімдері қатарына орамал мен жаулық жатады. Мысалы: *Қызғалдақ терген төрт-бес әйел оңашарақ, қыраңда жүр. Қызыл, я көк орамал байлаған, нәдеткен ақ жаулық салынған әйелдер мына қара қошқыл топтың бірден-бір ажары да, көз тартары да сияқты еді, олар бөлініп кеткен соң еркектер тобы қоңырқайланып қалды [4, 343–344 б.].*

Лишь кое-где расцвечивали его красные, синие и белые с подсинью платки женицин. Но скоро женицины поднялись на холм собирать тюльпаны, и толпы совсем посерели [5, 332 б.].

Аңғарғанымыздай, «орамал» да, «жаулық» та орыс тіліне тәржімалағанда бір ғана «платок» сөзімен берілген. Он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Орамал – әртүрлі магадан, әр алуан формада жасалған, әйелдер басына тартатын жаулық» [9, 453 б.], «Жаулық – әйелдер басына салатын, тартатын орамал» [10, 20 б.], «Ақ жаулық – әйел, қосақ, жұбай» [10, 20 б.], – деп түсіндірілген. Бұл жерде аудармашы аударудың калькалау жолын таңдаған, яғни түпдеректегі реалий сөзінің баламасы, басқа түрі қолданылған. «Платок» этнографизміне С.И.Ожегов сөздігінде: «Платок, -тка, м. 1. Предмет одежды – кусок ткани, обычно квадратный или вязаное изделие такой формы. Головной п. Пуховой п. 2. То же, что носовой платок. Кармашек для платка. П уменьш. Платочек, -чка, м. П прил. Платочный, -ая, -ое», – деген түсінік берілген [6].

Келесі бір мысалда «жаулық» этнографиялық атауы «джаулық» деп транскрипция (транслитерация) жолымен тәржімаланған. Мысалы: *Елизавета мен Андрей Быковтың қолтықтарындағы енді оқылуға арналған қағаздары мен кітаптары қолдан-қолға өтіп, аяғында иығы мен омырауын түгел жауып кеткен мол жаулық киген Күнзиланың қойнына кіріп тоқтады [4, 350 б.].*

Книги и рукописные листки мгновенно пошли по рукам, пока не исчезли за пазухой кунзили, обвязанной большим джаулыком [5, 337 с.].

Басында ескі әдетініше биік салынған ақ жаулығы бар, өзі де өзгеден ала-бөтен ақ көрініп, іргеге арқасын сүйеп Көпей отыр [4, 416–417 б.].

Прислонясь спиной к стене, в своем высоком джаулыке сидела Копей [5, 393 б.].

Қорытынды

Күнделікті тұрмыс жағдайында көп ұшырасатын әрі пайдалануға жиі түсетін киім-кешек атаулары В. С. Виноградов көрсеткен аудару жолдарының барлығымен бірдей тәржімаланған. Оны төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 1 – Киім-кешек атауларының аударылу жолдарының сандық көрсеткіші

№	Этнографизм семантикасы	Жалпы %	Аудару жолдары				
			Транскрипция (транслитерация)	Гипогиперонимиялық тәржіма	Үйлесім	Перифразалық (сипаттамалы, дескриптивтік, экспликативтік) тәржіма	Калькалау
1	киім-кешек атаулары	100 %	37,8 %	28,9 %	2,2 %	4,4 %	26,7 %

Байқағанымыздай, этнографизмдерді аудару барысында, негізінен, транскрипция (транслитерация) аударма жолы – 37,8 %, гипогиперонимиялық аударма – 28,9 % және калькалау тәсілі – 26,7 % негізге алынған. Ал сипаттамалы – 4,4 % және үйлесім – 2,2 % аударма жолдары сирек пайдаланылған. Яғни бұлар ұлттық колоритті тәржімалауда өнімсіз болып табылады.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Звегинцев, В. А.** Мысли о лингвистике [Текст]. – М. : Наука, 1996. – 365 с.
- 2 **Виноградов, В. С.** Введение в переводоведение (общие и лексические вопросы) [Текст]. – М. : Издательство института общего среднего образования РАО, 2001. – 224 с.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 9-том. Т-Ү (танертең-үрей) [Мәтін]. – Алматы: «Ғылым», 1986. – 560 б.
- 4 **Мүсірепов, Ғ.** Бес томдық шығармалар жинағы. Том 3 [Мәтін]. – Алматы, 1974. – 483 б.
- 5 **Мусрепов, Г.** Пробужденный край. Книга первая [Текст]. – Алма-Ата : «Жазушы», 1985. – 445 с.
- 6 **Ожегов, С. И., Шведова, Н. Ю.** Толковый словарь русского языка [Текст]. – М., 1992. – 205 с.
- 7 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-том. Б-Г [Мәтін]. – Алматы : Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1976. – 695 б.
- 8 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-том. П-Т (планетарий-тандыру) [Мәтін]. – Алматы : «Ғылым», 1985. – 591 б.
- 9 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 7-том. Қ-П (қырқы-планетааралық) [Мәтін]. – Алматы : «Ғылым», 1983. – 672 б.
- 10 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 4-том. Ж-К (жаттанды – кесу) [Мәтін]. – Алматы : Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1979. – 672 б.

References

1 **Zvegincev, V. A.** Mysli o lingvistike. [Zvegincev, V. A. Thoughts on linguistics] [Text]. – М. : Science, 1996. – 365 p.

2 **Vinogradov, V. S.** Vvedenie v perevodovedenie (obshie i leksicheskie voprosy). [Vinogradov, V. S. Introduction to translation studies (general and lexical questions)] [Text]. – М. : Publishing house of the Institute of General secondary education RAO, 2001. – 224 p.

3 Qazaq tilinin tusindirme sozdigi. 9-tom. T–U (tanerten-urei). [Explanatory dictionary of the Kazakh language. 9 tom. T–U (tanerten-urei)] [Text]. – Almaty : «Science», 1986. – 560 p.

4 **Musirepov, G.** Bes tomdyq shygarmalar zhinagi. Tom 3. [Musirepov, G. Collected works in five volumes. Tom 3] [Text]. – Almaty, 1974. – 483 p.

5 **Musrepov, G.** Probuzhdenyj kraj. Kniga pervaja. [Musrepov, G. The awakened edge. The first book] [Text]. – Alma-Ata: «Writer», 1985. – 445 p.

6 **Ozhegov, S. I., Shvedova, N. Yu.** Tolkovyj slovar' russkogo jazyka. [Ozhegov, S. I., Shvedova, N. Yu. Explanatory dictionary of the Russian language] [Text]. – М., 1992. – 205 p.

7 Qazaq tilinin tusindirme sozdigi. 2-tom. B–G. [Explanatory dictionary of the Kazakh language. 2 tom. B–G] [Text]. – Almaty : «Science» publishing house of the Kazakh SSR, 1976. – 695 p.

8 Qazaq tilinin tusindirme sozdigi. 8-tom. P–T (planetarij-tandyru) [Explanatory dictionary of the Kazakh language. 8 tom. P–T (planetarij-tandyru)] [Text]. – Almaty : «Science», 1985. – 591 p.

9 Qazaq tilinin tusindirme sozdigi. 7-tom. Q–P (qyrqy-planetaaralyq) [Explanatory dictionary of the Kazakh language. 7 tom. Q–P (qyrqy-planetaaralyq)] [Text]. – Almaty : «Science», 1983. – 672 p.

10 Qazaq tilinin tusindirme sozdigi. 4-tom. Zh–K (zhattandy-kesu). [Explanatory dictionary of the Kazakh language. 4 tom. Zh–K (zhattandy-kesu)] [Text]. – Almaty : «Science» publishing house of the Kazakh SSR, 1979. – 672 p.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

М. И. Оразханова¹, К. С. Ергалиев², С. Ж. Ергалиева³

Перевод этнографизмов применительно к одежде

^{1,2}Павлодарский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар;

³Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 10.12.20.

*M. I. Orazkhanova*¹, *K. S. Yergaliyev*², *S. Zh. Yergaliyeva*³

Translation of ethnografisms in relation to clothes

^{1,2}Pavlodar Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

³Toraigyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 10.12.20.

Известно, что этнографизмы – одна из лексических единиц, объединяющих быт, род занятий и хозяйство, историческую и культурную жизнь, мировоззрение и общий когнитивный мир нации. Они не только выражают национальный код, но и отражают особенности народа. Хотя этнографические названия разносторонне рассматриваются в казахстанском языкознании, вопрос перевода этой языковой единицы, встречающийся в произведениях некоторых писателей, специально не исследован. Этим объясняется актуальность и значимость настоящей работы.

Объектом исследования является этнографизмы, встречающиеся в романе Г. Мусрепова «Пробужденный край», предметом исследования – особенности перевода названий, связанных с одеждой. Цель – собрать в произведении этноназвания, связанные с одеждой, и определить способы их перевода. При анализе работы были использованы методы сравнения и сопоставления, метод описания, элементы метода лингвокультурного анализа и метод количественной обработки лингвистических данных. Исследование привело к следующим выводам: в творчестве автора во многом встречаются этнографизмы, связанные с головным убором; все они были переведены посредством метода перевода В. С. Виноградова – транскрипция (транслитерация), гипо-гиперонимический перевод, уподобление, перифрастический (описательный, дескриптивный, экспликативный), калькирование. В частности, большинство из них было выполнено с помощью таких переводов, как транскрипция (транслитерация), гипо-гиперонимический перевод и калькирование. Дескриптивный метод и метод уподобления используются редко.

Ключевые слова: перевод, этнографизм, транскрипция (транслитерация), гипо-гиперонимический перевод, уподобление, перифрастический перевод, калькирование.

It is known that ethnographisms are one of the lexical units that unite everyday life, kind of occupation and economy, historical and cultural life, worldview and the general cognitive world of a nation. They not only express the national code, but also reflect the characteristics of the country. Although ethnographic names are considered in Kazakhstani linguistics, the issue of translating this linguistic unit, which is found in the works of some writers, is not specially studied. This explains the relevance and importance of the work.

The object of the research is the ethnographisms that are encountered in the novel by G. Musrepov «The Awakened Land», the subject of the research is the translation peculiarities of names associated with clothing. The goal is to collect ethnic names associated with clothing in a work and to determine ways of translating them. When analyzing the work, methods of comparison and matching, the method of description, elements of the method of linguocultural analysis and the method of quantitative processing of linguistic data were used. They led to the following conclusions: in the work of the author there are many ethnographisms associated with the headdress; all of them were translated by means of V. S. Vinogradov – transcription (transliteration), hypo-hyperonymic translation, assimilation, periphrastic (descriptive, decriptive, explicative), tracing. In particular, most of them have been done using translations such as transcription (transliteration), hypo-hyperonymic translation and calcification. The descriptive method and the method of assimilation are rarely used.

Keywords: translation, ethnographism, transcription (transliteration), hypo-hyperonymic translation, assimilation, periphrastic translation, calcification.

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz